1. W3C Web Accessibility Initiative (2023), *Web Content Accessibility Guidelines (WCAG)*. Available at: <https://www.w3.org/WAI/standards-guidelines/wcag/> (Accessed: 28 April 2025).
2. Norman, D. (2013), *The Design of Everyday Things*. MIT Press, Cambridge, USA, 384 p.
3. Interaction Design Foundation (2021), *Inclusive Design Principles*. Available at: <https://www.interaction-design.org/literature/topics/inclusive-design> (Accessed: 28 April 2025).
4. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (2023), Цифрлық қолжетімділік мәселелері бойынша зерттеу. Астана, Қазақстан.
5. Инклюзивті дизайн институты (б.ж.), Қазақстандағы инклюзивті дизайн бойынша зерттеулер: енгізу тәжірибесі мен болашағы. Астана, Қазақстан.
6. Mace, R. (1997), *The Principles of Universal Design*. Center for Universal Design, NC State University, Raleigh, USA, 20 p.
7. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (2022), Цифрлық Қазақстан: цифрлық трансформация және қолжетімділік жөніндегі мемлекеттік бағдарлама. Астана, Қазақстан. Available at: <https://digital.gov.kz> (Accessed: 28 April 2025).

Уәлихан Күсебаев¹, Анеля Өмірзақ^{2*}

^{1,2} Д.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Қазақстанның графикалық дизайнындағы инклюзивті дизайн перспективалары: заманауи технологияларды қолдану

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы графикалық дизайн саласындағы инклюзивті дизайнның қазіргі жағдайы мен даму мүмкіндіктері қарастырылады. Барша пайдаланушыларға, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандарға ыңғайлы визуалды орта құрудың маңыздылығы атап өтіледі. Заманауи технологиялар - AR/VR, адаптивті интерфейстер, тактильді шешімдер және жасанды интеллект - инклюзивті дизайнда қолдану тұрғысынан сипатталады. Қазақстандағы осы саладағы проблемалар, оң тәжірибелер мен нақты мысалдар келтіріледі. Сонымен қатар, инклюзивті тәсілдің әлеуметтік және экономикалық артықшылықтары талданады. Жаһандық тенденцияларды ескере отырып, мақалада инклюзивті графикалық шешімдерді әзірлеуде халықаралық стандарттар мен жергілікті мәдени

ерекшеліктерді біріктіру қажеттілігі көрсетілген. Автор мұндай дизайнды дамытуда кешенді тәсілді - мемлекеттік қолдау, білім беру, зерттеу және кәсіби қауымдастықтың белсенді қатысуын - негізгі шарт ретінде көрсетеді. Мақалада инклюзивті дизайн тек техникалық құралдар жиынтығы емес, қоғамдағы теңдік пен әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ететін маңызды мәдениетаралық құбылыс ретінде қарастырылады. Автор инклюзивті көзқарасты дизайнерлік білім беруге енгізу қажеттігін ерекше атап өтеді, себебі бұл болашақ мамандардың этикалық және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Түйін сөздер: инклюзивті дизайн, графикалық дизайн, AR/VR, адаптивті интерфейс, тактильді коммуникация, жасанды интеллект.

Ualikhan Kussebayev¹, Anelya Omirzak^{2*}

^{1,2} *L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

Perspectives of inclusive design in graphic design of Kazakhstan: The use of modern technologies

Abstract. The article considers the current state and development opportunities of inclusive design in the field of graphic design in Kazakhstan. The importance of creating a visual environment that is convenient for all users, including people with disabilities, is emphasized. Modern technologies - AR/VR, adaptive interfaces, tactile solutions and artificial intelligence - are described in terms of their use in inclusive design. Problems, positive experiences and specific examples in this area in Kazakhstan are presented. In addition, the social and economic benefits of an inclusive approach are analyzed. In the context of global trends, the article emphasizes the need to integrate international standards with local cultural characteristics when developing inclusive solutions in the field of graphic design. The author indicates an integrated approach - state support, education, research and active participation of the professional community - as the main condition for the development of such design. The article considers inclusive design not only as a set of technical tools, but also as an important intercultural phenomenon that ensures equality and social justice in society. The author emphasizes the need to introduce an inclusive approach into design education, as this will contribute to the formation of ethical and social responsibility of future specialists.

Keywords: inclusive design, graphic design, AR/VR, adaptive interface, tactile communication, artificial intelligence.

References

1. W3C Web Accessibility Initiative (2023), Web Content Accessibility Guidelines (WCAG). Available at: <https://www.w3.org/WAI/standards-guidelines/wcag/> (Accessed: 28 April 2025).
2. Norman, D. (2013), The Design of Everyday Things. MIT Press, Cambridge, USA, 384 p.
3. Interaction Design Foundation (2021), Inclusive Design Principles. Available at: <https://www.interaction-design.org/literature/topics/inclusive-design> (Accessed: 28 April 2025).
4. Ministerstvo truda i sotsial'noy zashchity naseleniya Respubliki Kazakhstan (2023), Issledovaniya po voprosam tsifrovoy dostupnosti [Research on digital accessibility issues]. Astana, Kazakhstan.
5. Institut inklyuzivnogo dizayna (n.d.), Issledovaniya po inklyuzivnomu dizaynu v Kazakhstane: opyt vnedreniya i perspektivy [Studies on inclusive design in Kazakhstan: implementation experience and prospects]. Astana, Kazakhstan.
6. Mace, R. (1997), The Principles of Universal Design. Center for Universal Design, NC State University, Raleigh, USA, 20 p.
7. TSifrovoe Kazakhstan (2022), TSifrovaia transformatsiia i dostupnost': gosudarstvennaia programma [Digital transformation and accessibility: state program]. Ministry of Digital Development, Innovations and Aerospace Industry of the Republic of Kazakhstan. Astana, Kazakhstan. Available at: <https://digital.gov.kz> (Accessed: 28 April 2025).

Авторлар туралы мәліметтер:

Уалихан Кусебаев – техника ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көшесі 2, Астана, Қазақстан.

Анеля Өмірзақ – хат-хабар авторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты, Сәтбаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Уалихан Кусебаев - кандидат технических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сәтбаев 2, Астана, Қазақстан.

Анеля Умирзақ – автор для корреспонденции, магистрант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сәтбаев 2, Астана, Қазақстан.

Information on authors:

Ualikhan Kussebayev - Candidate of Technical Sciences, Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, st.Satpayev 2, Astana, Kazakhstan.

Anelya Omirzak – corresponding author, master's student, L.N.Gumilyov Eurasian National University, st. Satpayev 2, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

ХФТАР 14.35.07

DOI: <https://doi.org/10.32523/2220-685X-2025-77-2-46-57>

Ғылыми мақала

Мариям Езиева Нехир 

Ақдениз университеті, Анталия, Түркия

E-mail: mariyam-ezieva@mail.ru

Дизайн мамандығы студенттеріне шетелдік оқытушылардың білім беру тиімділігі

Аңдатпа. Бұл мақалада дизайн мамандығы студенттеріне шетелдік оқытушылардың білім беру тәжірибесінің педагогикалық тиімділігі мен когнитивтік әсері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты - мұндай оқыту формасының оқу белсенділігіне, кәсіби рефлексияға және танымдық даму процесіне ықпалын зерделеу. Зерттеу сапалық феноменологиялық әдіснамаға негізделді, деректер студенттердің рефлексиялық жазбалары мен жартылай құрылымдалған сұхбаттары арқылы жинақталды. Оған бір шетелдік оқытушы және дизайн мамандығы бойынша білім алушы студенттер қатысты. Алынған нәтижелерге сүйене отырып, студенттердің сабаққа қатысу деңгейі, шығармашылық белсенділігі және кәсіби ойлауының күшейгені байқалды. Сабақ құрылымының айқындығы, визуалды әдістердің қолжетімділігі мен жобалық формат оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, бастапқы тілдік және мәдени тосындықтар уақыт өте жеңілдеп, студенттердің оқу мазмұнына сәтті бейімделуіне жол ашты. Бұл зерттеу халықаралық педагогикалық тәжірибенің студенттердің когнитивтік, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына ықпал ететінін дәлелдейді. Шетелдік оқытушылардың қатысуы отандық білім беру жүйесіне жаңаша серпін беріп, интернационалдандыру үдерісін мазмұндық жағынан толықтырады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері студенттердің өзіндік ойлауын, мәдени бейімделуін және визуалды-кейстік тапсырмаларды орындау дағдыларын дамытуда мұндай оқыту үлгісінің жоғары

Түсті: 15.05.2025.; Жөнделді: 24.05.2025; Мақұлданды: 20.06.2025.; Онлайн қол жетімді: 30.06.2025

әлеуетке ие екенін көрсетеді. Автор болашақта аралас әдістермен ауқымды зерттеулер жүргізу қажеттігін ұсынады.

Түйін сөздер: білім беруді интернационалдандыру, педагогикалық өзара әрекет, когнитивтік әсер, мәдениет аралық қарым-қатынас, студенттік рефлексия.

Кіріспе

Қазіргі уақытта жоғары білім беру жүйесі терең құрылымдық өзгерістер кезеңін бастан кешіруде. Жаһандану, цифрландыру және интернационалдандыру процестері университеттік білім берудің мазмұны мен құрылымына ғана емес, сонымен қатар оқыту әдістемесіне, академиялық орта мәдениетіне және студенттердің кәсіби дамуына тікелей әсер етуде. Бұл өзгерістер әсіресе шығармашылық және технологиялық мамандықтарда - соның ішінде дизайн саласында байқалады. Себебі дизайн білім беру көркемдік, инженерлік және коммуникативті компоненттерді біріктіретін білім берудің пәнаралық саласы болып табылады.

Шетелдік оқытушылардың қатысуымен өтетін сабақтар бүгінгі университеттік білім берудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мұндай сабақтар студенттерге жаңа мазмұн мен заманауи әдістерді меңгеріп қана қоймай, мәдениетаралық кәсіби байланыстар орнатуға, жаһандық ойлау мен көрнекі-шығармашылық тәжірибені қалыптастыруға мүмкіндік береді. Алайда, бұл сабақтардың студенттердің оқу жетістіктеріне, оқу белсенділігі мен танымдық дамуына қалай әсер ететіні ғылыми тұрғыдан жеткілікті түрде зерттелмеген. Соңғы жылдары қазақстандық жоғары оқу орындарында шетелдік профессорлар мен сарапшылардың лекциялары мен шеберлік сабақтарын ұйымдастыру тәжірибесі кең етек алды. Дегенмен, бұл тәжірибенің нақты тиімділігі және оның білім алушыға әсері, әсіресе педагогикалық және әдістемелік тұрғыдан алғанда, жүйелі талдауды қажет етеді. Шетелдік оқытушылар қолданатын сабақтарды ұйымдастыру әдістері, қолданатын оқу құралдары және кері байланыс формалары отандық үлгіден айтарлықтай ерекшеленеді. Олар көбінесе білім алушыға бағытталған, интерактивті, жобаға негізделген және рефлексивті оқыту әдістерін пайдаланады. Бұл әдістер білім алушылардың өз бетінше ойлау, ой елестету және шығармашылық шешім қабылдау қабілеттерін белсенді түрде дамытады. Қазіргі уақытта дизайн

саласындағы зерттеулердің көпшілігі техникалық немесе технологиялық аспектіге бағытталған. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, шетелдік мамандардың тәжірибесін жүйелі түрде бағалау және оның оқу нәтижелеріне әсерін анықтау мәселесі өзекті болып қала береді. Осыған орай, бұл зерттеу шетелдік оқытушылар қолданатын әдіс-тәсілдердің құрылымын, мазмұнын және олардың студенттердің кәсіби, шығармашылық және танымдық даму динамикасына әсерін анықтауға бағытталған.

Зерттеу объектісі - жоғары оқу орнындағы «Дизайн» мамандығы бойынша оқу процесі. Зерттеудің мақсаты - шетелдік оқытушылардың қатысуымен ұйымдастырылған оқу процесінің тиімділігін педагогикалық тұрғыдан бағалау және осы процестің студенттердің кәсіби және шығармашылық дамуына ықпал ету мүмкіндігін анықтау.

Бұл зерттеудің нәтижелері білім беру жүйесіне шетелдік оқытушылардың тәжірибесін тиімді енгізу жолдарын анықтауға, сондай-ақ интернационалданған білім беру ортасының шынайы әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Жоғары білім беру жүйесінде интернационалдандыру үдерісінің тереңдеуімен шетел оқытушыларының оқу үдерісіне қатысуы жиілеп барады. Бұл құбылыс академиялық алмасудың немесе кәсіби дамудың формальды әдісі ретінде ғана емес, сонымен қатар студенттің танымдық дамуын, мәдениетаралық құзыреттілігін, кәсіби ойлау жүйесін кеңейтудің маңызды тетігі ретінде қарастырылады. Бүгінгі таңда шетел оқытушыларының білімінің тиімділігі бірқатар ғылыми зерттеулерде қарастырылып, нақты педагогикалық фактор ретінде талданады.

Зерттеулер көрсеткендей, шетелдік оқытушылардың сабақ беру стилі көбінесе дәстүрлі әдістерге емес, студенттердің дербестігі мен белсенділігін арттыруға бағытталған интерактивті тәсілдерге негізделген. Мұндай сабақтарда проблемалық оқыту, жобалық тапсырмалар, көрнекі-коммуникативтік әдістер жиі қолданылады. Сонымен қатар, кәсіби бағыттағы шетелдік мамандардың шеберлік сабақтары мен практикалық семинарлары студенттердің шығармашылық деңгейін арттырып, олардың ойлауын жаһандық деңгейге бейімдейді [1, 2]. Халықаралық зерттеулер шетелдік оқытушылардың білім берудегі тиімділігінің үш негізгі факторын атап көрсетеді: пәнаралық интеграция, жобалық оқыту және лингвистикалық және когнитивтік дағдыларды дамыту арқылы оқыту нәтижелерін нығайту [3, 4]. Мұндай

модельдер білім алушылардың ішкі ынтасын, шығармашылық белсенділігін, өз бетінше ойлауын дәйекті түрде дамытады. Қазақстандық білім беру кеңістігінде де интернационалдандыру үдерісіне қатысты бірқатар зерттеулер жүргізілуде. Мысалы, жоғары оқу орындарына шетелдік оқытушыларды тарту тәжірибесі, олардың педагогикалық және мәдениетаралық ықпалы, студенттің бейімделу үдерісіне әсері талдануда [5, 6]. Сонымен қатар, шығармашылық индустрия мен дизайндағы пәнаралық білім беру, жобалық әдістерді енгізу, мәдениетаралық өзара әрекеттесу мәселелері де зерттелуде [7, 8]. Жалпы, ғылыми еңбектердегі талдаулар педагогикалық әдіс-тәсілдердің жаңашылдығы, мәдени-танымдық ықпалы, оқушылардың оқу іс-әрекетіне ықпалы тұрғысынан шетелдік мұғалімдердің оқыту үдерісіндегі тиімділігін сипаттайды. Бұл теориялық тұжырымдар одан әрі эмпирикалық зерттеулер үшін әдіснамалық негіз болады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу сапалы феноменологиялық тәсілге негізделген. Бұл әдіс шетелдік оқытушылардың білім алу кезіндегі студенттердің жеке тәжірибесін, олардың оқу процесін қалай қабылдайтынын, қандай когнитивті және эмоционалдық өзгерістерге ұшырайтынын терең түсінуге мүмкіндік береді. Себебі дизайн саласы тек ақпарат беруге ғана емес, сонымен қатар шығармашылық қабілеттерді, бейнелі ойлауды, мәдени-көркемдік көзқарасты дамытуға бағытталған күрделі процесс. Бұл жағдайда оқытушының педагогикалық әдісі мен білім алушының қабылдау ерекшеліктері бір-бірімен тығыз байланысты. Зерттеуге дизайн мамандығы бойынша оқитын 15 студент қатысты. Олар өз еркімен іріктеліп, шетелдік оқытушы оқытатын пән бойынша сабақтарға қатысты. Зерттеу оқытушының ықпалын бағалауға ғана емес, сонымен қатар сабақ барысында білім алушылардың қабылдауын, қызығушылығын, шығармашылық белсенділігін, рефлексиялық ойлауын талдауға бағытталды. Сонымен қатар, оқытушының өзі сабақ барысында өзінің қысқаша жазбаларымен бөлісті - бұл ақпарат қосымша педагогикалық контекст берді.

Мәліметтерді жинау үшін бірнеше әдістер қолданылды. Алдымен студенттермен жеке жартылай құрылымдық сұхбат жүргізілді. Олардың әрқайсысымен 15–20 минуттық әңгіме жүргізіліп, шетел оқытушының

сабағында қандай сезімде болғанын, қандай әдіс-тәсілдерді ұнатқанын, қандай қиындықтарға тап болғанын білуге болады. Кейбір студенттер шетелдік оқытушының ағылшын тілінде сабақ беруі бастапқыда түсініксіз болғанымен, көрнекі және жобалық әдістер арқылы ақпаратты тез қабылдай алатынын атап өтті. Сонымен қатар, фокус-топ форматында шағын пікірталас ұйымдастырылды. Мұнда білім алушылар сабақтың мазмұны мен оқытушының стилі туралы өз ойларын ортаға салды. Бұл әдіс студенттердің ойларын салыстыруға және ұжымдық динамикасын бақылауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, білім алушыларға қысқаша рефлексия жазу тапсырылды - олар өз ойларын, әсерлерін және сабақ туралы білгендерін 2–3 абзацта сипаттады. Жиналған мәліметтер мазмұндық және тақырыптық талдау әдісі арқылы өңделді. Білім алушылардың жауаптары «қабылдау», «түсіну», «қызығушылық», «мәдени тосындық», «мотивациялық өсу», «шығармашылық ынта» сияқты негізгі ұғымдар бойынша кодталып, жүйеленді. Бұл тәсіл білім алушы мен оқытушының өзара әрекетінің терең құрылымын, оқу-тәрбие процесінің ішкі қабаттарын көруге мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижесінде алынған деректер оқу-тәрбие процесінің екі жақты сипатын – оқытушының ықпалы мен білім алушының біртұтас құбылыс ретінде қабылдауын түсінуге мүмкіндік берді. Бұл формальды бағалау емес, оқу процесінің адамдық және тұлғалық сипатын ашатын тәжірибе.

Нәтижелер мен талдау

Зерттеу нәтижелері шетелдік оқытушының қатысуымен өткізілген сабақтар білім алушылардың оқу процесін қабылдауына, танымдық белсенділігі мен шығармашылық дағдыларына оң әсер еткенін көрсетті. Білім алушылардың көпшілігі сабақтың алғашқы апталарында тілдік қиындықтарға тап болғанын және жаңа әдістерге бейімделу қажеттілігін айтты. Дегенмен, шетелдік оқытушының қолданатын көрнекі және сатылы әдістемесі бұл қиындықтарды азайтып, білім алушылардың сабақты түсінуін жеңілдеткен. Сабақ барысында алдын ала нақты мақсат қою, тапсырмалардың құрылымы мен көрнекі мысалдарды жиі қолдану білім алушыларға сенімділік беріп, өздерін еркін сезінді. Студенттердің пікірінше, оқытушының әдістемесі дәстүрлі дәріс форматынан ерекшеленіп, жобалық және сұхбат үлгісіне


негізделген. Мұндай сабақтарда олар тыңдаушы ретінде ғана емес, өз пікірін білдіретін, талдап, шешім қабылдайтын белсенді қатысушылар ретінде де танылды. Бұл тәсіл олардың шығармашылық ойлауына, кәсіби логикасына және көрнекі талдау дағдыларына нақты әсер етіп, сабаққа деген ішкі қызығушылықтарын арттырды. Сонымен қатар, сабақта қолданылған мысалдар мен кейстер халықаралық контексте берілгендіктен, студенттер дизайн саласындағы әлемдік тенденциялармен танысып, болашақ кәсіби бағытын айқындай алды.

Зерттеу барысында алынған жазбаша рефлексиялар мен сұхбаттардың нәтижелері шетелдік оқытушының тұлғалық және мәдени стилі студенттердің сенімін арттырып, мотивациялық ахуалды жақсартқанын дәлелдейді. Ашық қарым-қатынас, тең диалог, пікірді еркін жеткізуге мүмкіндік беретін орта оқу үдерісін жағымды етті. Бұл тек пәндік білім берумен ғана шектеліп қалмай, білім алушылардың жеке тұлға болып қалыптасуына, мәдениетаралық ойлауының дамуына оң әсерін тигізді. Сонымен қатар, ағылшын тілінде өткізілген сабақтар кәсіби лексиканы меңгеруге, шетелдік терминологияны қолдануға, болашақ халықаралық ортаға бейімделуге көмектесті.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер шетелдік оқытушылардың қатысуы дизайн мамандығы студенттерінің теориялық білімдерін ғана емес, сонымен қатар танымдық, шығармашылық, коммуникативті дағдыларын дамытуға тиімді құрал бола алатынын көрсетті. Бұл әдіс оқытудың сапасын арттырып қана қоймай, сонымен қатар студенттердің кәсіби өзіндік санасын кеңейтіп, өз ойын нақты, құрылымдық және мәдени контекстте жеткізу қабілетін қалыптастырды. Сапалық мәліметтерді талдау негізінде алынған кодтардың мазмұндық құрылымы студенттердің оқу тәжірибесінің негізгі бағыттарын көрсетті. Бұл тақырыптар олардың оқу процесіндегі белсенділігін, қиындықтарын және когнитивті өзгерістерін сипаттайды. Студенттердің көпшілігі шетелдік оқытушының сабақтарына қызығушылықтың, шығармашылық серпіннің және кәсіби ойлаудың жаңа деңгейіне ие болғанын анық көрсетті. Бұл тұжырымдар төмендегі диаграммада көрсетілген негізгі кодтардың жиілігінде көрсетілген (1-сурет).

Бұл диаграмма студенттердің сапалы сұхбаттары мен жазбаша рефлексияларынан алынған мазмұндық кодтар жиілігін көрсетеді. Ең жиі кездескен тақырыптар қызығушылықты арттыру (12 студент), когнитивтік даму

(11) және шығармашылық серпін (10) болды. Бейімделудің қиындығы (6), салыстырмалы түрде сирек болса да, оқытудағы бастапқы тосындықты сипаттайды. Бұл деректер шетелдік оқытудың алғашқы әсерінен бастап, кейінгі позитивті нәтижелерге дейінгі процесті сипаттайды.



Сурет 1. Студенттердің феноменологиялық тәжірибесіне негізделген код жиілігі

Дегенмен, зерттеу тақырыптардың жиілігімен шектеліп қалмай, білім алушылардың сабақты қабылдауының сапалық бағалау көрсеткіштерін де ескерді. Бұл көрсеткіштер білім алушылардың сабақ құрылымын бағалауы, көрнекі әдістердің тиімділігі, жоба форматына қанағаттануы және жалпы тиімділік негізінде жүйеленді. Бұл нәтижелер келесі диаграммада көрсетілген (2-сурет).



Сурет 2. Студенттердің сабақ құрылымы мен әдістемесіне берген бағасы

Бұл диаграмма студенттердің шетелдік оқу тәжірибесіне қатысты жалпы әсерін пайызбен көрсетеді. Оқыту құрылымы мен көрнекілік әдістерінің тиімділігі жоғары бағаланды (85% және 80%). Студенттердің көпшілігі жоба форматы олар үшін тиімді (76%) және сабақтардың жалпы тиімділігіне сенімді (88%) екенін көрсетті. Мәдени күйзеліс сезімі 28% деңгейінде тіркелді, бұл көрсеткіштің бейімделу кезінде уақыт өте келе төмендегенін көрсетеді.

Жүргізілген зерттеулер білім алушылардың оқу тәжірибесі мен танымдық іс-әрекетін жаңа форматта зерттеуге мүмкіндік берді. Шетелдік оқытушының сабақтары студенттердің оқу үдерісін қабылдауындағы құрылымға, мазмұнға және коммуникация әдістеріне деген талаптарының артуына түрткі болғаны айтылды. Олар жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар өз оқуына жауапкершілікпен қарауға, бейімделу, талдау және рефлексия қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алды.

Кодтар мен бағалау көрсеткіштерінің салыстырмалы талдауы оқу үдерісіндегі маңызды сәттердің өзара тығыз байланысты екенін көрсетті. Көрнекі және жобалық әдістер арқылы берілген оқу материалы білім алушыларды сабаққа белсенді қатыстырып, олардың кәсіби ойлау жүйесін жаңа деңгейге көтерді. Сонымен қатар, білім беру стилі мен мәдениетаралық ерекшеліктердің үйлесуі оқытудың тек пәннің дамуына ғана емес, тұлғаның дамуына да ықпал ететінін көрсетті. Бұл түпкілікті нәтижелер педагогикалық тәжірибені әртараптандыру қажеттілігін көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар шетелдік оқыту тәжірибесін жергілікті білім беру жағдайына бейімдеу әлеуетін нақтылайды.

Қорытынды

Осы зерттеу арқылы шетелдік оқытушылардың қатысуымен өтетін сабақтар дизайн студенттері үшін білім көзі ғана емес, сонымен қатар жаңа біліммен, мәдениетпен, педагогикалық тәжірибемен кездесуге мүмкіндік беретінін айқын көрсете алды. Студенттердің пікірлері мен рефлексиялық тәжірибелері сабақ барысында қалыптасқан мотивациялық атмосфераның, белсенді шығармашылықтың және танымдық серпілістің нақты дәлелі болды.

Сабақтардың құрылымдылығы, жобалық негізде жүргізілуі, визуалды-кейс тәсілдерінің көптігі студенттердің өз бетімен ойлануына, талдау жасауына

және кәсіби шешім қабылдауға деген дайындығын күшейтті. Мұндай тәсіл білім берудің ақпараттық деңгейінен әрекет ету деңгейіне, ал студентті тыңдаушыдан авторлық көзқарас қалыптастыратын белсенді субъектке айналдырудың тиімді жолы екені байқалды.

Сонымен қатар, зерттеу шетелдік оқыту тәжірибесіндегі белгілі бір қиындықтарды да анық көрсетті. Тілдік кедергі мен мәдениетаралық айырмашылықтар бастапқыда бейімделу қажеттілігін тудырғанымен, оқыту әдістемесінің нақты логикасы мен практикалық бағыттылығы бұл қиындықтарды жеңілдетуге мүмкіндік берді. Бұл жұмыс шетелдік оқытушы мен жергілікті студенттің педагогикалық өзара әрекетін тереңірек түсінуге бағытталған алғашқы қадамдардың бірі болып табылады. Алынған нәтижелер халықаралық педагогикалық интеграцияның білім сапасына әсерін жүйелі түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Болашақта мұндай зерттеулерді аралас әдістерді пайдалана отырып, ауқымды түрде жүргізу отандық жоғары білім беру жүйесінің ашықтығы мен сапасын бағалаудың нақты тетігіне айналуы мүмкін.

Әдебиет тізімі

1. Lee H. J., Kim Y. S. (2020) Enhancing creativity and engagement in design education through multicultural faculty collaboration // International Journal of Art & Design Education. Vol. 39, № 2. – P. 271–288. DOI: <https://doi.org/10.1111/jade.12240>.
2. Sanchez P., Müller A. Teaching design in transnational contexts: Cognitive gains from multicultural pedagogy // Design Studies. – 2022. – Vol. 74. – Article 101025. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.destud.2021.101025>.
3. Rahman M. M., Deneen C. C. (2021) International lecturers in non-Western higher education: Impacts on student engagement and cognitive development // Teaching in Higher Education. Vol. 26, № 4. – P. 543–560. DOI: <https://doi.org/10.1080/13562517-2020.1723425>.
4. Chung K. W., Ko Y. J. (2020) Visual design education through global collaboration: A study on effectiveness of guest lecturers // Journal of Design Research. Vol. 18, № 3. – P. 243–258. DOI: <https://doi.org/10.1504/JDR.2020.108973>.
5. Бейсенова Қ.Ж. (2020) Жоғары білім беруді интернационалдандырудың бағыттары мен кедергілері: Қазақстан үлгісі // Қазақ университеті. № 4. – Б. 82–89.

6. Сарсенбаева А.Т. (2020) Шетелдік оқытушыларды тарту тәжірибесі және оқу процесіне ықпалы // Білім және ғылым әлемі. № 2. – Б. 113–117.
7. Темірбеков Б.Ж. (2021) Дизайн саласында жобалық оқытудың әдістемесі // Педагогика және психология. № 3. – Б. 58–64.
8. Қалиакбарова А.С. (2022) Креативті индустриядағы мәдениетаралық коммуникацияны оқыту мәселелері//Өрлеу педагогикалық журналы. № 5. – Б. 94–98.

Мариям Езиева Нехир

Университет Акдениз, Анталия, Турция

Эффективность преподавания иностранных преподавателей студентам специальности «Дизайн»

Аннотация. В данной статье рассматривается педагогическая эффективность и когнитивное воздействие образовательной деятельности иностранных преподавателей при обучении студентов специальности «Дизайн». Цель исследования – определить, как международный формат обучения влияет на академическую активность студентов, профессиональную рефлексию и когнитивное развитие. Методической основой является феноменологический подход с использованием письменных рефлексий и полуструктурированных интервью. В исследовании приняли участие один иностранный преподаватель и студенты. Результаты показали рост вовлеченности, рост творческой инициативы и развитие профессионального мышления студентов. Структурированный характер занятий, наглядные методы и проектный формат обучения способствовали лучшему усвоению материала. Возникшие на начальном этапе языковые и культурные барьеры со временем смягчились, что обеспечивало успешную адаптацию. Исследование доказывает, что участие иностранных преподавателей положительно влияет не только на академические результаты, но и на эмоциональное, когнитивное и культурное развитие студентов. Полученные данные подтверждают высокую эффективность данной модели в развитии самостоятельного мышления, культурной адаптации и навыков выполнения визуальных кейс-заданий. Автор рекомендует провести дальнейшие исследования в более широком масштабе с использованием смешанных методов.

Ключевые слова: интернационализация образования, дизайн, педагогическое взаимодействие, когнитивное воздействие, межкультурное взаимодействие, студенческая рефлексия, иностранный преподаватель.

M. Yeziyeva Nehir

Akdeniz University, Antalya, Turkey

The Effectiveness of Foreign Lecturers' Teaching for Design Students

Abstract. This article examines the pedagogical effectiveness and cognitive impact of involving international faculty in teaching design students. The aim of the study is to determine how international teaching formats influence students' academic engagement, professional reflection, and cognitive growth. The study employed a phenomenological approach using written reflections and semi-structured interviews as the main sources of data. One international faculty member and fifteen design students participated in the study. The results showed increased engagement, higher creative initiative, and deeper levels of professional thinking among students. Structured lesson formats, visual learning methods, and project-based learning improved knowledge acquisition. Initial language and cultural barriers gradually decreased, ensuring a smooth adaptation. The study shows that international faculty members make a positive contribution not only to academic outcomes, but also to students' emotional, cognitive, and intercultural development. Moreover, the results indicate a high potential of this model in developing autonomous thinking, cultural flexibility, and learning competence based on visual cases. The author suggests the need for larger scale studies with mixed methodological approaches in future research.

Keywords: internationalization of education, design education, pedagogical interaction, cognitive impact, intercultural communication, student reflection, foreign lecturer.

References

1. Lee, H. J., & Kim, Y. S. (2020) Enhancing creativity and engagement in design education through multicultural faculty collaboration. *International Journal of Art & Design Education*, 39(2), 271–288. <https://doi.org/10.1111/jade.12240>

2. Sanchez, P., & Müller, A. (2022). Teaching design in transnational contexts: Cognitive gains from multicultural pedagogy. *Design Studies*, 74, 101025. <https://doi.org/10.1016/j.destud.2021.101025>
3. Rahman, M. M., & Deneen, C. C. (2021) International lecturers in non-Western higher education: Impacts on student engagement and cognitive development. *Teaching in Higher Education*, 26(4), 543–560. <https://doi.org/10.1080/13562517.2020.1723425>
4. Chung, K. W., & Ko, Y. J. (2020) Visual design education through global collaboration: A study on effectiveness of guest lecturers. *Journal of Design Research*, 18(3), 243–258. <https://doi.org/10.1504/JDR.2020.108973>
5. Beissenova, K. Zh. (2022) Directions and barriers of internationalization of higher education: The case of Kazakhstan. *Kazakh University*, (4), 82–89.
6. Sarsenbayeva, A. T. (2020) Experience of involving foreign lecturers and its impact on the educational process. *World of Education and Science*, (2), 113–117.
7. Temirbekov, B. Zh. (2021) Methodology of project-based learning in the field of design. *Pedagogy and Psychology*, (3), 58–64.
8. Kaliakbarova, A. S. (2022) Issues of teaching intercultural communication in the creative industries. *Orleu Pedagogical Journal*, (5), 94–98.

Авторлар туралы мәліметтер:

Мариям Езиева Нехир – хат-хабар авторы, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ақдениз университетінің профессоры, Думлупынар бульвары 360, Анталия, Түркия.

Сведения об авторах:

Мариям Езиева Нехир – автор для корреспонденции, кандидат педагогических наук, профессор, Университет Ақдениз, бульвар Думлупынар 360, Анталья, Турция.

Information on authors:

Mariyam Ezieva Nehir – corresponding author, PhD in Pedagogical Sciences, Associate Professor, Akdeniz University, Dumlupinar Boulevard 360, Antalya, Türkiye.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

МРНТИ 14.35.09

DOI: <https://doi.org/10.32523/2220-685X-2025-77-2-58-68>

Научная статья

Уалихан Кусебаев¹, Аида Төлебаева^{2*}^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, КазахстанE-mail: ¹kussebayev@mail.ru, ²aidat19@mail.ru

Проблемы и перспективы преподавания компьютерной графики в современном образовательном процессе

Аннотация. В современных условиях компьютерная графика играет ключевую роль в архитектурном проектировании, однако традиционные методы преподавания не всегда соответствуют требованиям индустрии. Это приводит к сложностям в освоении цифровых инструментов и недостатку практических навыков у студентов. В данной статье рассматриваются актуальные проблемы преподавания компьютерной графики, связанные с устаревшими подходами, нехваткой комплексных образовательных программ и ограниченной интеграцией новых технологий. Особое внимание уделено современным методам обучения, включая применение ВМ-систем, виртуальной и дополненной реальности, параметрического моделирования и интерактивных образовательных платформ. Рассматриваются перспективные направления развития образовательного процесса, такие как использование искусственного интеллекта, цифровых инструментов для удаленного обучения и адаптивных методик преподавания. Выделена необходимость обновления учебных программ для подготовки специалистов, способных эффективно работать с современными технологиями в области архитектурного проектирования. Особое внимание уделяется важности развития критического и системного мышления, а также навыков командной работы и междисциплинарного сотрудничества, которые особенно актуальны в архитектурной среде, преобразуемой цифровыми инновациями.

Поступила: 03.06.2025; Доработана: 20.06.2025; Одобрена: 25.06.2025; Доступна онлайн: 30.06.2025.

Ключевые слова: компьютерная графика, параметрическое проектирование, виртуальная реальность, геймификация, искусственный интеллект, цифровые технологии, методы обучения.

Введение

Современные технологии полностью изменили подход к архитектурному проектированию. Если раньше архитектор работал с бумажными чертежами и макетами, то сегодня основными инструментами стали компьютерные программы для 3D-моделирования, рендеринга и параметрического проектирования. Однако система образования не всегда успевает адаптироваться к этим изменениям. Многие студенты испытывают сложности в освоении программ, а традиционные методы преподавания зачастую не учитывают потребности современной архитектурной индустрии.

В данной статье рассматриваются основные проблемы преподавания компьютерной графики, современные методы обучения и перспективы развития образовательного процесса в этом направлении. Цифровые технологии продолжают оказывать существенное влияние на развитие архитектурного образования, трансформируя традиционные подходы и наполняя учебный процесс новыми возможностями. Важной составляющей этих изменений становится внедрение компьютерной графики и цифровых методов проектирования в образовательные курсы. Особую роль в этом процессе играют информационное моделирование зданий (BIM), а также инструменты виртуальной и дополненной реальности. Исследование, проведённое Sacks, Eastman, Lee и Teicholz [1, 2, 3, 4], демонстрирует, что использование BIM способствует более глубокому пониманию проектных процессов, улучшает визуализацию архитектурных решений и позволяет организовать эффективное взаимодействие в коллективной работе над проектами. Такой подход делает обучение более приближённым к реальным условиям профессиональной деятельности.

Также стоит отметить работу Bower и коллег [5], в которой раскрываются образовательные возможности дополненной реальности. AR-технологии помогают студентам воспринимать архитектурные формы в интерактивном трёхмерном пространстве, что значительно облегчает освоение объёмно-

пространственного моделирования — ключевого компонента проектной подготовки. По мнению Zyszkowska-Karlan [6], цифровые технологии меняют не только содержание учебных программ, но и педагогические подходы. От преподавателей сегодня требуется гибкость и готовность использовать современные инструменты, помогающие студентам не просто работать в программной среде, но и осмысленно применять полученные знания в процессе проектирования. Asghar [7] в работе подчёркивает необходимость выстраивания образовательных стратегий, ориентированных на практику. Это включает внедрение облачных технологий, предоставляющих удалённый доступ к профессиональному ПО, а также сотрудничество с представителями архитектурной индустрии, что позволяет обучающимся получать актуальные знания и навыки. В совокупности, указанные источники подчеркивают важность пересмотра содержания и форм преподавания архитектурной графики с учётом актуальных технологических изменений. Применение современных цифровых решений не только расширяет инструментарий будущего архитектора, но и способствует формированию гибкого, критически мыслящего специалиста, готового к вызовам профессиональной среды.

Проблемы преподавания компьютерной графики. Современные технологии стремительно меняют архитектурное проектирование, однако образовательные программы не всегда успевают за этими изменениями. Одна из главных проблем заключается в том, что традиционные методы преподавания остаются ориентированными на классический подход, в то время как в индустрии уже давно применяются цифровые инструменты. В результате студенты сталкиваются с трудностями в освоении сложного программного обеспечения, а работодатели нередко отмечают нехватку практических навыков у выпускников. Ещё одной проблемой является разрозненность образовательных курсов. В одних университетах упор делается на теоретическое изучение программ, в других - на базовое моделирование, но комплексного подхода, охватывающего все этапы архитектурного проектирования, зачастую не хватает.

Также существует проблема устаревшего программного обеспечения, что мешает студентам осваивать современные инструменты, востребованные в профессиональной среде. Кроме того, многие методики преподавания не учитывают индивидуальный темп обучения студентов. Освоение

компьютерной графики требует не только логического мышления, но и творческого подхода, а потому каждому студенту может понадобиться различное количество времени для освоения материалов. Важно создавать гибкие учебные программы, позволяющие обучаться в удобном формате, сочетая онлайн и офлайн методы.

Методы и технологии обучения. Современные методики преподавания направлены на устранение вышеуказанных проблем. В таблице 1 ниже приведено сравнение традиционного и инновационного подходов к обучению.

Таблица 1. Сравнительный анализ методов обучения

Критерий	Традиционные методы	Современные методы
Формат занятий	Лекции и семинары	Интерактивные курсы, проектное обучение
Программное обеспечение	Ограниченный набор, устаревшие версии	Современные BIM-платформы, VR и AR-технологии
Практическое применение	Минимальное	Работа с реальными архитектурными проектами
Индивидуальный подход	Единый темп для всех студентов	Адаптивное обучение, курсы с разными уровнями сложности

